

Журнал туралы ақпарат / Журнал саясаты

«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің Ғылым жаршысы: Ветеринария ғылымдары» журналы (бұдан әрі – Журнал) – 1994 жылдан бастап шыққан «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ Журналының» негізінде құрылған тарихы терең жаңа ғылыми басылым (серия).

Журнал тоқсан сайын 300 дана таралыммен шығарылады. Журналдың редакциялық алқасының құрамына жақын және алыс шетел ғалымдары кіреді.

Басылымға халықаралық– ISSN 2958-5430, eISSN 2958-5449 нөмірі берілген және Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі берілген.

Жарияланымдардың тақырыптық бағыты

Журнал материалдарында жаңалығы мен практикалық маңызы бар, ғылыми журналдарда бұрын жарияланбаған ветеринария ғылымының өзекті мәселелерін қамтитын ғылыми зерттеулердің аралық немесе соңғы нәтижелері жарияланады.

Журналдың бағыттары: анатомия, физиология, гистология, эмбриология, биотехнология, молекулалық және жасушалық биология, фармакология және токсикология, патология, микробиология, вирусология, паразитология, иммунология, жұқпалы аурулар, эпизоотология, акушерлік және көбею және тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі.

Журналдың редакциялық саясаты

Журналдың мақсаты – әр түрлі отандық және шетелдік дәйексөз келтіру базаларында ғылыми жұмыстарды тарату және индекстеу мүмкіндіктерін арттыру мақсатында, отандық және шетелдік ветеринария ғылымының соңғы жетістіктері мен болашақтағы дамуы бойынша зерттеу нәтижелерін тұрақты түрде және өз уақытында жариялау.

Журнал қазақстандық деректер базасында ұсынылған және ветеринарлық медицинаның өзекті мәселелері бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың қарым-қатынасы үшін платформа ретінде қызмет етеді.

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті аталған журналды баспаға шығара отырып:

- отандық және шетелдік жетекші ғалымдарды өзара жұмылдырып, мақалалар жариялауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ ғылыми мектептердің зерттеушілері арасында өзара пікір алмасуды жолға қоюға;

- ғылыми қоғамдастықтың білімі мен тәжірибесін жинақтауға; ветеринария саласындағы ғылыми зерттеулердің басым бағыттары бойынша жаңа теориялық және практикалық білімді жариялауға;

- ғылыми ақпарат алмасуды жақсартуға, сондай-ақ жұмыстарға сілтеме жасауға және, сәйкесінше, журналда мақаласы жарияланған авторлардың ғылыми қызметінің нәтижелілігін арттыруға ықпал ете отырып, рецензияланған электрондық ғылыми жарияланымдарға ашық қол жеткізу саясатын жүргізуге ұмтылады.

Міндеттері:

- ветеринария ғылымы, биология және биотехнология саласындағы маңызды жаңа ғылыми нәтижелерді көрсету;

- ветеринария ғылымының ғылыми мамандықтары бойынша ғылыми дәрежелер мен атақтар алуға үміткерлердің ғылыми жұмыстарының нәтижелерін кеңінен жариялау үшін ортаны құру;

- журналдың ғылыми бағыттары бойынша танымал авторларды журналға жариялау үшін тарту;

- жоғары дәйексөз индексі бар отандық және шетелдік ғалымдарды тарта отырып, редакциялық алқа мен рецензенттер шеңберін кеңейту;

- журналды халықаралық деректер қорына енгізу мақсатында жарияланымның дәйексөз индексіні арттыру;

- Қазақстанда және шетелде журналдың қолжетімділігі мен ашықтығын арттыру.

Мақалаларды жариялау шарттары

Журналдың тұрақты сайты бар:

<https://bulletinofscience.kazatu.edu.kz/index.php/veterinary-science>.

Мақалалар журналға электрондық жүйе бойынша қабылданады: Open Journal Systems жалпыға қолжетімді көздерден алынған мақалаларды тексеруге мүмкіндік беретін лицензиялық Антиплагиат бағдарламасымен плагиатқа қарсы тексеріледі.

Ескерту: Көптеген грамматикалық, орфографиялық, стилистикалық қателер жіберілген, автоаудармашының көмегімен аударылған және көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін мақалалар жариялауға қабылданбайды.

Жариялау этикасы және рецензиялау

Жарияланым этикасын жасау кезінде негізгі стандарттар ретінде Committee of Publication Ethics (COPE) Жарияланымдар этикасы комитетінің материалдары, атап айтқанда, Guidelines on Good Publication Practice қолданылады. Журналдың редакциялық алқасы халықаралық ғылыми қауымдастық қабылдаған этикалық нормаларды сақтау және осы нормалардың кез келгенінің бұзылуын болдырмау үшін барлығын жасайды;

автордың/авторлық ұжымның жынысына, ұлтына, дініне және басқа да жеке қасиеттеріне қарамастан, мақаланың ғылыми маңыздылығына, өзіндік ерекшелігіне, өзектілігіне және журнал тақырыбына жақындығына байланысты қабылдануына/қабылданбауына кепілдік береді; қолжазбаның білікті және объективті рецензиялануын қамтамасыз етеді және рецензиялау процесінің құпиялылығына кепілдік береді.

Журнал редакциясына келіп түскен барлық ғылыми мақалалар міндетті түрде екі жақты «жасырын» рецензияланады. Журнал редакторы мақаланың журнал бейініне (профиліне), ресімдеу талаптарына сәйкестігін анықтайды. Содан соң оны журналдың редакциялық алқасының құрамына кірмейтін рецензенттерге (ғылыми мамандануы мақаланың тақырыбына неғұрлым жақын маманға, ғылым докторына немесе ғылым кандидатына) рецензиялауға жібереді. Редактор мақаланы рецензиялау мерзімін әрбір жеке жағдайда барынша жедел жариялау үшін жағдай жасай отырып айқындайды. Рецензияланатын мақаланың авторына рецензия мәтінімен танысуға мүмкіндік беріледі. Егер рецензияда мақаланы түзету және пысықтау бойынша ұсыныстар болса, редактор авторға мақаланың жаңа нұсқасын дайындау кезінде оларды ескеру немесе оларды (ішінара немесе толық) жоққа шығару туралы дәлелді ұсыныс берілген рецензияның мәтінін жібереді. Рецензенттер жариялауға ұсынбаған мақала қайта қарауға қабылданбайды. Теріс пікір жазылған рецензия мәтіні авторға Open Journal Systems электрондық жүйесі арқылы жіберіледі. Оң пікір жазылған рецензияның болуы мақаланы жариялауға жеткілікті деңгейде негіз бола алмайды. Редакция алқасы мақаланы жариялауға рұқсат беру туралы шешімді қабылдағаннан кейін, автор ақпаратты Open Journal Systems электрондық платформасы арқылы алады.

Мұрағаттау және қолжетімділік

«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің Ғылым жаршысы: Ветеринария ғылымдары» журналы бұрын «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Ғылым жаршысы» ғылыми журналының бір бөлігі болғандықтан, мұрағаттау 2016 жылдан бері жүргізіліп келеді және оны журналдың ресми сайтында: <http://bulletinofscience.kazatu.edu.kz/index.php/bulletinofscience/issue/archive> пайдалануға болады.